

## Сәтбаев қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 363 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қазанда N 8-6-109 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының 2011 жылғы 23 қарашадағы N 478 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының 2011.11.23 N 478 шешімімен.**

**Р Қ А О                    е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысына, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 қаулысына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қоса беріліп отырған Сәтбаев қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрайымы Конырова Элия Мешітбайқызы) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*К. Әділбаев*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*C. Имамбай*

*Келісілді:*

*"Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*T. Қапарова*

*2010 жылғы 14 қыркүйек*

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2010 жылғы 14 қыркүйектегі  
XXIX сессиясының N 363 шешімімен  
бекітілген

## Сәтбаев қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету қағида

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" N 710 қаулысына сәйкес өзірленді және Сәтбаев қаласының аз қамтылған азаматтарына тұрғын үй көмегін беру тәртібін анықтауды.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010.12.23 N 393 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға): жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға;

тұрғын үйді күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға; тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне ақы төлеуге

## **б е р і л е д і .**

Отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша **көрсетіледі.**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010.12.23 N 393 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнауы комиссия – тұрғын үй көмегін тағайындау немесе бас тарту мәселелері бойынша шиеленісті, даулы немесе ерекше жағдайларды қарайтын, уәкілетті органның жанындағы комиссия;

2) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер ;

3) кондоминиум – үй-жай азаматтардың, занды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда, жылжымайтын мүлікке меншіктің нысаны ;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – қажет болған жағдайда құрылымдық элементтер мен инженерлік жабдықтау жүйелерін ауыстыра отырып, ғимараттың (объектінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерістерімен байланысты емес физикалық және сапалық тозуды жоюға қатысты құрылыш және ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының к е ш е н і ;

5) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін күтіп ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

6) отбасы – бір мекен-жайда бірге тұратын және тіркелген некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындаитын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

7) отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы с о м а с ы ;

8) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші);

9) тұрғын жайды жалдау (жалға алу) – жалдаушыға (жалға алушыға) тұрғын

жайды немесе оның бір бөлігін ақысын төletіп тұрақты немесе уақытша иеленуге және пайдалануға беру;

10) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер участкесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін тұрғын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндettі сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген тұрлерін құрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

11) уәкілетті орган – тұрғын үй көмегін беретін "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган);

12) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге және (немесе) құрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуга жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің өлшемі болып табылады;

13) шот – тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстары, коммуналдық қызметтер төлемақысы, соның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге және (немесе) құрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналар, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысы, байланыс қызметтері, қатты отын алу құжаты, тұрғын үй көмегін тағайындау кезеңде өтініш берушімен қағаз жеткізгіште не қызметтерді жеткізушилермен электрондық жеткізгіште ұсынылады.

3. Тұрғын үй көмегі Сәтбаев қаласында тұрақты тұратын, бір үйде тіркелген, оның меншік иесі немесе пайдаланушысы (жалдаушы, жалға алушы) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға), егер кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге және (немесе) құрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналар шығыстары, тұрғын үйді күтіп-ұстау, коммуналдық қызметтерді тұтыну, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеуге жұмсалатын шығыстары өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй

ауданы нормасының шегінде болса, бірақ осы мақсаттарға жұмсалатын шекті жол берілетін шығыстар үлесінен асатын, отбасы бюджетіндегі тұрғын үйді күтіп-ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну, сондай-ақ телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне жұмсалатын шығыстарының нормативтері және нақты қолданыстағы жалпы ауданнан артпайтын болса беріледі.

Зейнеткерлік жасқа жетпеген мүгедектер (жалғыз тұратын мүгедектер, мүгедектерден тұратын отбасылар, он сегіз жасқа дейінгі балалары бар мүгедектер, мүгедектер мен олардың күтімімен айналысатын адамдар) үшін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеуге, сондай-ақ телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне жұмсалатын отбасының шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (адамның) жиынтық табысының 10 пайзызы мөлшерінде, өзге санаттардағы азаматтар үшін отбасының (адамның) жиынтық табысының 11 пайзызы мөлшерінде белгіленеді.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету нормативтерін анықтау**

4. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін келесідей тәртіpte көрсетеді:

1) өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй ауданының нормалары тұрғын үй заңнамасымен белгіленген отбасының әр мүшесіне берілетін тұрғын үй нормасына балама және көп бөлмелі пәтерлерде бір адамға 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерлерде тұратындар үшін – пәтердің жалпы көлемі. Көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғыз басты азаматтар үшін берілетін тұрғын үй ауданының әлеуметтік нормасы – 30 шаршы метр;

2) коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары:

қызмет жеткізушілердің шоттарын ұсина отырып (түбіртектер, жүккүжаттар, шот-фактуралар) нақты шығыстар бойынша қатты отынды пайдалану:

1985 жылға дейін салынған тұрғын ғимараттар үшін 1-2 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылдытуға (жылу беру маусымына есептегендеге) 161 килограмм көмірден артық емес, 3-4 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылдытуға (жылу беру маусымына есептегендеге) 98 килограмм көмірден артық е м е с ;

1985 жылдан кейін салынғын тұрғын ғимараттар үшін 1-2 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылдытуға (жылу беру маусымына есептегендеге) 125 килограмм көмірден артық емес, 3-4 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды

жылытуға (жылу беру маусымына есептегендө) 72 килограмм көмірден артық  
е м е с ;

жылу беру маусымының ұзактығы – 7 ай;  
тұрғын үй көмегін есептеу барысында, статистика органдарының мәліметтері  
бойынша Сәтбаев қаласында өткен тоқсанда қалыптасқан көмір бағасы  
қ о л д а н ы л а д ы ;

нақты шығыстар бойынша, отбасының электр қуатын тұтынуы:  
газ плиталарымен жабдықталған үйлерде айына 150 киловаттан;  
электр плитасымен жабдықталған үйлерде айына 250 киловаттан аспауы тиіс;

3) суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқысты әкету, газды, тұрғын үйді  
күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды тұтыну нормалары (пәтер иелерінің  
кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері, басқарудың заңды үлгісін  
рәсімдегендер) қызмет көрсетушілермен немесе тарифтерді бекітетін органмен  
бекітілген тарифтердің негізінде белгіленеді;

4) тиісті төленуге жататын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі  
жөндеуге. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуді жүргізуіндік  
кезектілігі жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген  
, жалпы жиналыста пәтер иелерінің шешімімен анықталады.

5. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе)  
курделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді  
күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телекоммуникация  
желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде  
байланыс қызметтеріне төлемақы белгіленген нормадан тыс жалпы негіздерде  
жүргізіледі .

6. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметін  
көрсету үшін абоненттік төлемақы тарифінің арттырылуының сомасы Қазақстан  
Республикасының Үкіметімен белгілеген тәртіpte өтелуге жатады.

### **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау**

7. Тұрғын үй көмегін үәкілетті орган береді және тұрғылықты мекен-жайы  
бойынша жеке тұлғаларға тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бір бірлігінен артық үйі (пәтерлер, үйлер) бар немесе  
тұрғын үйлерін жалдауға (жалға алу) беретін отбасыларға тұрғын үй көмегі  
көрсетілмейді .

9. Тұрғын үй көмегі берілмейді:

1) жұмыс істеуге қабілеті бар жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде  
оқымайтын, әскери қызмет атқармайтын, үәкілетті органда жұмыссыз ретінде  
тіркеլмеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын адамдары бар

отбасыларға;

2) жұмыс істемесе және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген болса, N 1 және N 2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын адамдарға;

адамдарды есептемегенде:

күтім қажет деп танылған мүгедектерге күтім жасайтындар;

туберкулездік және психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу-профилактикалық мекемелерде бір айдан астам уақыт стационарлық немесе амбулаториялық емделудегі адамдар;

үш жасқа дейінгі бір немесе одан да көп баланың тәрбиесімен айналысатындар;

төрт және одан да көп баланың, оның ішінде кіші баланың бірінші сыныпты аяқтауына дейін (бірақ тоғыз жастан аспаған) тәрбиесімен адамдар;

кіші баласы сегіз жасқа толғанға дейін өзіне және балаларына асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар.

10. Алкогольге немесе есірткіге тәуелді отбасы мүшелерімен не он сегіз жасқа толмаған адамдармен бірге тұратын және пәтерлердің меншік иелері болып табылатын зейнеткерлерге және мүгедектерге тұрғын үй көмегі бір бөлмелі немесе көп бөлмелі пәтерлерде тұратындығына қарамастан, бір адамға тұрғын үй алаңының нормасы (18 шаршы метр) және бір адамға коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері шегінде беріледі.

11. Ақпараттық-маркетингтік қызметпен айналысатын және жеке компанияның сауда белгісінің өнімін өткізуде сауда делдалдығын жүзеге асыратын адамдар салық басқармасында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруши тұлға ретінде немесе уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелуі не болмаса негізгі жұмыс орнынан растайтын анықтама ұсынуы тиіс.

12. Даулы, шиеленісті немесе ерекше жағдайлар туындаған жағдайда тұрғын үй көмегін тағайындау туралы мәселе сот тәртібімен шешілуі мүмкін.

13. Тұрғын үй көмегінің сомасы артық немесе заңсыз тағайындалуына әкеп соқтырған көрінеу жалған мәліметтерді берген жағдайда тұрғын үй көмегін төлеу тоқтатылады. Тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар ерікті тұрде, ал төлеуден бас тартылған жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

#### **4. Тұрғын үй көмегін беру мерзімдері мен мерзімділігі**

14. Тұрғын үй көмегі тоқсан сайын осы тұрғын үйде тіркелген отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынумен өтініш берілген айдан бастап 12 ай мерзімге тағайындалады.

15. Отбасының шекті жол берілетін шығыстар үлесі өзгерген жағдайда, тұрғын үйді күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстар, коммуналдық қызметтерге тарифтер тиісті өзгерістер енгізілген айдан кейінгі айдан бастап бұрын тағайындалған жәрдемақыларды қайта есептеу жүргізіледі.

16. Жәрдемақы алу құқығын анықтау кезінде басқа қалада уақытша тұратындығы тиісті құжатпен куәландырылған отбасының мүшесі есепке алынбайды.

17. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде өзінің меншікті тұрғын үйі, отбасы құрамы және олардың жиынтық табысындағы кез-келген өзгерістер жөнінде уәкілетті органға хабарлау қажет.

## 5. Өтініш білдіру және тұрғын үй көмегін есептеу тәртібі

18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе "Сәтбаев қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесіне өтінішке (1 қосымша) қоса келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі (жеке куәлік, тұрақты тұру рұқсаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі);
- 2) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың көшірмесі;
- 4) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөніндегі мәліметтер (еңбек кітапшасы, жұмыс орнынан анықтама, еңбек шарты, жұмыссыздар уәкілетті органнан жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі анықтаманы, салық басқармасынан жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруши тұлға ретінде тіркелгендердің немесе тіркелмегендігі туралы анықтаманы, мүгедектік тобын белгілеу туралы анықтаманы ұсынады);

5) өтініш берушінің отбасы жағдайын растайтын құжаттар: некеге тұру немесе некені бұзу туралы куәлігі, қайтыс болғаны жөніндегі куәлік, жетпіс жастан асқан жалғызлікті адамдарды есептемегенде азаматтық хал актілерінің N 4 үлгідегі жазбаларынан анықтама;

6) тұрғын үйді күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстары жөніндегі шот, коммуналдық қызметтерді төлеу жөніндегі шот, тұрғын үйдің жалпы алаңын растайтын техникалық төлкүжат, телекоммуникация желісі қызметтерінің шарты немесе түбіртегі, көлемді және баллон газын алу шоты (түбіртектер, анықтамалар), қатты отын алу шоты (түбіртектер, жүккүжаттар, шот-фактуралар), телекоммуникация байланысының қызметтері туралы шарты немесе түбіртегі, кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы

жарнаның мөлшері туралы шот, жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген тұрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасының негізінде кондоминум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы органмен берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

7) отбасы мүшелерінің табыстары жөнінде анықтама;

8) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама.

Құжаттар тексеру үшін тұпнұсқа және көшірме түрінде ұсынылады, тексерілгеннен кейін тұпнұсқалар өтініш иесіне қайтарылады, ал құжаттардың көшірмесі жеке іске қоса тіркеледі.

19. Тұсken құжаттарды қарастыру нәтижесінде уәкілетті орган бланкілер үлгісін (2, 3, 4 қосымшалар) толтырады және тұрғын үй көмегін алушылардың жеке істері түзіледі. Ай сайын тұрғын үй көмегінің есебін жүргізеді және өтініш иесіне өтініш жасауына қарай беріледі.

20. Тапсырылған құжаттардың растиғына күдік туған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй көмегін алуға үміткер тұлға жөнінде қажетті ақпараттар сұрапатуға құқылы .

21. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген нормалар шегінде ақы төлеу төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін үлесінің арасындағы айырма ретінде айқындалады .

22. Тұрғын үй көмегінің мөлшері кондоминум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді құтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына және телекоммуникация қызметін көрсетуге абоненттік төлемақы тарифінің арттырылуы төлемдеріне нақты есептелген сомалардан артпауы тиіс.

23. Тұрғын үй көмегін есептеу үшін коммуналдық қызметтер бойынша

есептелген төлемдер тұрғын үй көмегін тағайындау кезеңінде коммуналдық қызметтерді жеткізушилермен электрондық жеткізгіште не болмаса жеке тұлғалармен қағаз жеткізгіште (шоттар, түбіртектер, хабарламалар, анықтамалар) ұсынылады.

24. Өтініш иесі туралы мәліметтерді нақтылау үшін уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайының тексеру актісін жасайды.

## **6. Тұрғын үй көмегін төлеу**

25. Тұрғын үй көмегі қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз нысанда беріледі. Қолма-қол ақысыз нысаны – бұл ақша қаражаттарды қызмет жеткізушилердің есеп шоттарына, сонымен қатар кондоминиум объектісін басқару органының (ағымдағы, жинақтаушы) шоттарына аудару.

Тұрғын үй көмегі сомасын коммуналдық қызметтерді жеткізушінің (кәсіпорынның таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, банк реквизиттерінің өзгеруі, қатты отынға, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне ақы төлеу) есеп шотына аудару мүмкін болмаған жағдайда, ол өтініш иесіне қызмет көрсететін басқа қызмет жеткізушилердің арасында үлестіріледі немесе қолма-қол нысанда төленеді. Қолма-қол нысаны екінші деңгейдегі банктер немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар арқылы азаматтардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылатын ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Жеке шоттарға аудару үшін өтініш иесі мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) әлеуметтік жеке код;

3) екінші деңгейдегі банкте немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда ашылған жеке шот.

## **7. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру көздері**

26. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## **8. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде жиынтық табысты есептеу тәртіbi**

27. Отбасының жиынтық табысына азаматтарды тіркеу кітабына сәйкес осы мекен-жай бойынша тіркелген барлық тұлғалардың тұрғын үй көмегін

тағайындауға өтініш білдірген тоқсан алдындағы тоқсандағы табыстары енгізіледі.

28. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табыс на есептеледі.

29. Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

30. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс (еңбекақы, алимент, зейнетакы, жәрдемақы бойынша берешектер) бір мезгілде алынған кезде жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

31. Отбасының орташа айлық табысы отбасының алдыңғы тоқсандағы жиынтық табысын үш айға бөлу жолымен есептеледі.

## **9. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері**

32. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы ақшалай және заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы түріндегі табыс;
- 2) зейнетакылар, шәкіртақылар, жәрдемақылар және әлеуметтік төлемдер;
- 3) балаларға және асырауындағыларға төленетін алимент түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін өзге де табыстар.

33. Еңбекақы түріндегі есептелген сомалар:

1) негізгі және қосымша атқаратын жұмыс орындарында еңбекақының барлық түрлері, соның ішінде кесімді, мерзімді сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (қаржыландыру көзіне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекақысы сақталатын кезеңге қызметкерге заңнамаға сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда);

2) еңбек демалысында сақталатын еңбекақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

3) үйим (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

4) уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі

еңбекақы;

5) маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің еңбекақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Еңбекақы болмаған кезеңде жиынтық табыс оны есепке алмай есептелінеді;

6) сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;

7) еңбекақыны есептеу кезінде есепке алынбайтын және ұйым қаражаты есебінен төленетін төлемнің өзге де түрлери (оқу демалысының төлемі, авторлық қалам ақы, несиeler, жаңалық ашқаны, өнертабыстары және рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақалар);

8) отбасы құрамында есепке алынбайтындықтан мерзімді қызметтегі, оның шінде әскери-құрылыш отрядтарында қызмет өткөріп жүрген әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, келісім-шарт бойынша және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарының, сондай-ақ оларға тенестірілген азаматтар санаттарының ұстемеақылары мен қосымша ақылары есепке алына отырып, отбасының жиынтық табысына енгізілетін ақшалай үлесі;

9) шет елде жұмыс істейтін және отбасы құрамында есепке алынған тұлғалардың жиынтық табысындағы еңбекақысы ұлттық және шет ел валютасында есепке алынады. Осы жағдайда шет ел валютасында алынған табыс отбасының жиынтық табысын анықтау кезінде Ұлттық Банк белгілеген бағам бойынша ұлттық валютада есептеледі;

10) егер Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге немесе оқуға келген және отбасы құрамында есепке алынған шет ел азаматымен некеге тіркелген болса, отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасының азаматының табысынан және отбасының жиынтық табысын анықтау кезінде Қазақстан Республикасында алынған ұлттық, сондай-ақ Ұлттық Банк белгілеген бағам бойынша ұлттық валютада есептелінген шет ел валютасында алынған шет ел азаматының табысынан белгіленеді;

11) авторлық қаламақы (шарттар болмаған жағдайда), сондай-ақ ашқан жаңалығы, өнертабыстары мен тиімді ұсыныстары үшін сыйақылар қаламақы сомасын он екі айға бөлуден алынған үлес мөлшерінде отбасының жиынтық табысына ай сайын қосылышп отырады;

12) өтелген несие, қарыз сомалары жиынтық табысқа қосылады және оларды өтеу (бөлшектеп өтеу кезінде төленген сома және несие, қарыз беру мерзіміне сәйкес) сәтінен бастап несие беру мерзіміне бөлінеді;

13) жекелеген азаматтарда шарт жасамай жұмыс істейтін тұлғалардың жиынтық табысында олардың нақты еңбекақысы есепке алынады. Бұл ретте еңбекақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады. Еңбекақыны өтініш иесі ерікті түрде көрсетеді, бірақ

заңнамада бекітілген ең тәменгі еңбекақы мөлшерінен тәмен емес;

14) азаматтық-құқықтық шарттар (мердігерлік) бойынша жұмыстарды орындайтын тұлғалардың табысы шарт қолданылатын барлық кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық та б ы с т а е с е п к е а л ы н а д ы ;

15) салық комитетінде тіркелген өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалардың жиынтық табысында олардың салық комитетімен расталған анықтамадағы та б ы с ы е с е п к е а л ы н а д ы ;

16) кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын тұлғалардың табыстары бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация н е г і з і н д е р а с т а л а д ы ;

17) жұмыс берушінің кінәсінен бос тұрып қалу уақытына ақы төлеусіз бір айдан артық уақыт жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамдардың жиынтық табысын есептегендеге өзі көрсеткен табысы ескеріледі.

Еңбекақы түрінде алынған табыстар олардың мөлшері туралы а н ы қ т а м а л а р м е н р а с т а л а д ы .

34. Зейнетақылар, шәкіртақылар, жәрдемақылар және әлеуметтік төлемдер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақының барлық түрлері және оларға өтемақылық төлемдер;

2) мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

3) арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

4) жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген тұлғаларға берілетін арнаулы м е м л е к е т т і к ж ә р д е м а қ ы л а р ;

5) төлем көздеріне қарамастан, студенттерге, оқушыларға, аспиранттарға, докторанттарға, оку орындарының тыңдаушыларына төленетін шәкіртақы. Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде құндізгі білімде оқытын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті мәлімделген табысы есептеледі;

6) еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша жәрдемақы (соның ішінде бала к ү т і м і б о й ы н ш а ) ;

7) жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы;

8) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша бюджеттен берілетін тұрақты төлемдер ;

9) жүріп-тұрысында қыншылықтары бар бірінші топ мүгедектері үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтеріне ақы төлеу;

10) алушының жазбаша өтініші бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін біржолғы төлемдер және материалдық көмектер;

11) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

12) жұмыс берушінің қаражаты есебінен әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жәрдемақы;

13) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін мемлекеттік жәрдемақы;

14) мүгедек балаларды тәрбиелеушілерге берілетін мемлекеттік жәрдемақы.

Әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

35. Балаларға және асыраудағыларға төленетін алимент түріндегі табыстар:

1) алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің еңбекақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттердің қосымша сомалары жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есептелінеді;

2) ата-ана арасындағы неке бұзылған кезде, ері (зайыбы) балаларға алимент төлеуі жағдайында тұрғын үй көмегі тағайындалады. Алимент өндіруден бас тартқан жағдайда отбасына тұрғын үй көмегі көрсетілмейді;

3) төлеуші жұмыс іstemеген және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген, бас бостандығынан айыру орындарында не уақытша ұстау изоляторында, емделуде немесе туберкулез, психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу-енбек профилакториясында есепте тұрған, Қазақстан Республикасының тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты мекен-жайға орналасуға кеткен немесе іздеу салынған жағдайда, жиынтық табыс алименттерді есепке алмай, тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізді есептеледі;

4) алимент бойынша қарыздар пайда болған жағдайда, жиынтық табыс алименттерді есепке алмай, сот орындаушысының қарыздар анықтау туралы қаулысы қоса ұсынылып есептеледі;

5) егер ата-ана арасындағы неке бұзылмаса, бірақ ерлі-зайыпты адамдардың бірінен алимент өндірілген болса, осы ерлі-зайыпты адамның отбасымен бірге тұрса, жиынтық табыста оның табысы толық есепке алынады. Ерлі-зайыптылар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады;

6) қамқоршылық ресімделген балаларға алимент төленбеген жағдайда, ата-аналардан алынатын алимент жөніндегі анықтаманы ұсынусыз жиынтық табыс есептеледі;

7) балаларға және асыраудағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не пошта аударымдарының

алынған алимент тұбіртегімен, сондай-ақ өндіріп алу туралы сот органдарының шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады.

36. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыстар:

1) ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, мал мен құс ұстай және өсіру арқылы жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс (саябақ телімдерінен алынатын табысты есептемегендे), өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептелеуді;

2) жылдық жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс уәкілетті органмен осы Қағиданың 5, 6, 7 қосымшалары негізінде есептелінеді;

3) бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 5 қосымшага сәйкес бір килограмм өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады;

4) екі немесе одан да көп отбасылар жүргізетін жеке қосалқы шаруашылықтан, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығынан алынатын табыстар осы шаруашылықта жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің санына тепе-тең әр отбасы бойынша бөлініп есептелінеді;

5) отбасының жиынтық табысында тоқсан ішінде жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс есептелінеді. Отбасының жиынтық табысында тоқсан ішінде жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табысы жылдық жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табысты төрт тоқсанға бөлу жолымен анықталады;

6) табысты есептеу үшін Қарағанды облысының статистика басқармасының деректері негізінде Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынатын Қарағанды облысында қалыптасқан өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдері бойынша өткен жылғы орташа жылдық бағалары пайдаланылады;

7) жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік кәртішкесін өтініш берушінің мәліметтері негізінде отбасының жиынтық табысына есеп жүргізетін тұлға толтырады.

37. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге де табыстар:

1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беру;

2) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;

3) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;

4) салымдар мен борышкерлік құнды қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, лотореялардан, ұтыс ойындарынан алынған заттай және (немесе) ақшалай түрдегі ұтыстар;

5) туысқандар мен жақын адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құндық түрде) қосқанда көрсетілетін табыстар;

6) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған ресми түрде расталмаған табыстар айына ең төмен еңбекақы мөлшерінен кем емес мөлшерде есептеді;

7) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан түскен табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі есептік кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

Көрсетілген табыстар алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

## **10. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынбайтын табыс түрлері**

38. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай табыс түрлері есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй көмегі;

3) бала туғанда берілетін жәрдемақы;

4) мемлекет бастамасымен (мерекелерге және мерейтойларға орай) көрсетілетін көмек;

5) жеке ісін ашуға арналған материалдық көмек;

6) негізгі азық-түлік тауарларына бағалардың қымбаттауына байланысты Сәтбаев қаласының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына көрсетілетін ай сайнығы әлеуметтік көмек;

7) он сегіз жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;

8) жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақы;

9) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алименттері;

10) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протез жасатуына жолақысын төлеу;

11) протез жасату кезінде азаматтарды асырау;

12) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге жеңілдікпен жол жүргү

құны;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік препараттар, санаториялық-курорттық емдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдар (әзірлеу және жөндеу), жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген өзге де оналту құралдары, білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілетін заттай көмек түрлері;

14) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

15) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілетін біржолғы көмек;

16) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін мүгедектерге арнайы көлікте қызмет көрсетуге арналған материалдық (әлеуметтік) көмек;

17) мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдері;

18) азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүргүре әлеуметтік жолақы билетінің құны түрінде берілетін әлеуметтік көмек;

19) үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға төленетін материалдық қамсыздандыру;

20) бөгде адамның көмегіне мұқтаж бірінші, екінші топтағы жалғызбасты мүгедектердің күтіміне арналған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша үстемдіктер.

Сәтбаев қаласының тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету қағидасына  
1-қосымша

## **Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш**

Өтініш берушіні есепке алғанда, \_\_\_\_\_ адамнан тұратын менің отбасыма тұрғын үйді күтіп-ұстауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қурделі жөндеуге, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйді пайдаланған үшін жалға алу ақысына, сондай-ақ телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне ақы төлеуге жәрдемақы тағайындауызызы сұраймын.

Мен және менің отбасымның мүшелері табысы жөніндегі мәліметтерді беруге келісім білдіргеніміздің дәлелі ретінде заңды және жеке тұлғаларға ұсынылуы мүмкін табыстар жөніндегі ақпаратты жариялауға өз рұқсатымызыды береміз.

Маған тұрғын үй көмегінің артық немесе заңсыз тағайындалуына әкеліп соқтыратын көрінеу жалған мәліметтерді бергенім үшін көмектің төленуі тоқтатылатыны туралы, ал тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар ерікті түрде қайтарылуы тиіс екендігі, ал бас тартылған жағдайда сот тәртібімен қайтаратыны ескертілді.

Қажетті құжаттарды қоса ұсынамын.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 177 бабының 1 тармағына және 325 бабының 3 тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың дұрыстығына жүктелетін жауапкершілік туралы ескертілдім.

## Θтініш берушінің деректері:

Тегі, аты, әкесінің аты

Жеке күәлік деректері

(өтініш берушінің туған күні, N және күәліктің берілген уақыты)

## CTH

ΘЖК

Отбасының өтініш беру тоқсанының алдындағы тоқсандары жиынтық

табысының орташа айлық мөлшері

Өтініште көрсетілген табыстардан басқа табыстар жоқ.

## Тұрғылықты жері көшесі

уй пэтэр телефон

ти істілік түрі

(пәтер иелері кооперативі) (жеке, мемлекеттік)

Жалпы ауданы шаршы метр.

Косымша аудан шаршы метр.

# Б о л м е с а ны

Әлеуметтік мәртебе отбасылық жағдай

Кызмет берушілерге түрғын үй көмегін аударуға келісім беремін.

Меншігімде бір тұрғын үй бар.

Өтініш берушінің қолы

Күні

## Сәтбаев каласының турғындарына

турғын үй көмегін көрсету кағидасына

2-көсүмшә

**Отбасы қурамы мен түрфын үй алаңының жалпы ауданы туралы анықтама**

Азамат (ша)

оның: көшесі (шағын аудан) үй пәтер

мекен-жайы бойынша тұратындығын растау үшін берілді.

Отбасы құрамы адам.

Тұратын алаңды шаршы метр.

## Пәтерге (үйге) құқығын белгілейтін құжат N

Тұрғын үй иесімен бірге келесі адамдар тұрады:			
Т.А.Ә.	Туган жылы	Туыстығы	Қай уақыттан бері тұрады


Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылды

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_

Сәтбаев

қаласының

тұрғындарына

тұрғын

үй

көмегін

көрсету

қағидасына

3-қосымша

### Отбасының барлық мүшелерінің кірістері туралы анықтама

1. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

2. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

3. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Кірістің түрі												
Кірістің сомасы												

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Сәтбаев

қаласының

тұрғындарына

тұрғын

үй

көмегін

көрсету

қағидасына

4-қосымша

200 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бойынша тұрғын үйді күтіп-ұстау және коммуналдық қызметтер төлемдерінің шығыстары туралы анықтама

Төлеуші

(пәтер иесінің (жалдаушы) Т.А.Ә.)

Мекен-жайы

Жалпы ауданы \_\_\_\_\_ шаршы метр.  
 Бөлме саны \_\_\_\_\_  
 Үйдің жалпы сипаттамасы \_\_\_\_\_  
 (жалпы немесе баллондық газ, ыстық сумен қамтамасыз ету)

Төлем түрлері	Қызмет саны	Жеке шоттың нөмірі
1. Тұрғын үйді күтіп-ұстай шығындары (ПИК, ПИТК)		
2. Жылдыту жүйесі		
3. Ыстық су		
4. Суық су		
5. Кәріз		
6. Электр қуатымен қамтамасыз ету		
7. Газ		
8. Қоқыс әкету		
9. Телефонға абоненттік төлем		

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Қабылданған күні \_\_\_\_\_

Сәтбаев қаласының тұрғындарына  
 тұрғын үй көмегін көрсету қағидасына  
 5-қосымша

### Дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік көртішкесі

#### Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, килограмм	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің күны, теңге (2 баған x 4 бағанға)	1 сотка жерден табыс (+), шығы теңге 5 баған -3 €
1	2	3	4	5	6
Бидай					
Арпа					
Қарамық					
Жүгері					
Көп жылдық шөптер					
Бір жылдық шөптер					
Картоп					
Көкөністер					

Бакшалар				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жидек дақылдары				
Жұзім				

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, килограмм (литр)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің, (1 литр, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған x 4 бағанға)	1 бастан түскен (+), шығыс (-), тоғызылған (-) баған – 3 баған
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)					
Етті ірі қара мал (сиыр еті)					
Шошқалар (шошқа еті)					
Қойлар, ешкілер (ет/жұн)					
Жылқы (жылқы еті)					
Түье (түье еті)					
Жұмыртқалай тын құс (жұмыртқа)					
Етті құс (құс еті)					

Сәтбаев  
тұрғын  
6-қосымша

қаласының  
көмегін

түрғындарына  
қағидасына

### Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төжәне құстардың жасы
Ірі қара мал	Ай	25
Қойлар мен ешкілер	Ай	12
Шошқалар	Ай	10
Жылқылар	Ай	16
Түйелер	Ай	18
Жұмыртқалайтын құс	Күн	195
Етті құс	Күн	125

Сәтбаев

тұрғын

7-қосымша

қаласының

үй

көмегін

тұрғындарына

көрсету

қағидасына

## Жеке қосалқы шаруашылығынан түсेतін табыс есебінің үлгі жеке нормативтік кәртішкесі

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

облыс, аудан \_\_\_\_\_ үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсेतін табыс нормативі, теңге	жылына түсेतін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсेतін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жұзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс				
Жиыны: бір тоқсандағы табыс				

200 \_\_ ж. \_\_ "

Т.А.Ә.

---

---

(Есепті жасаған тұлғаның Т.А.Ә. және қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК